

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемды қайта қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 12 маусымдағы N 529

"Кең дала" акционерлік қоғамының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемы бойынша дефолт фактілеріне жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің "Кең дала" акционерлік қоғамының мемлекеттік емес сыртқы заемы бойынша алдағы төлемдерін 30 млн. АҚШ доллары көлемінде ұзақ мерзімді мемлекеттік емес заемды тарту, тиісті келісімдер жасасу және Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 23 қыркүйектегі N 002 мемлекеттік кепілдігін қайта ресімдеу жолымен қайта қаржыландыру жүргізу туралы ұ с ы н ы с ы м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі заем тартудың мүмкін қорытындысын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұ с ы н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі аталған қарыз

алу шарттарының Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкестігі туралы қорытындыны Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі мен Әділет министрлігінің қорытындылары оң болған жағдайда:

- 1) тартылған сыртқы заемның рәсімдеріне байланысты шығыстарды қысқарту мен комиссиялық сыйақы деңгейін азайту мақсатында заемның жалпы сомасын 50 млн. АҚШ долларына дейін ұлғайту жолымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 сәуірдегі N 278

P980278\_

қаулысына сәйкес тартылатын заем

шеңберінде қарыз алу жүргізісін;

- 2) тартылатын заем бойынша Қазақстан Республикасының кепілдігі бар міндеттемелерін қажетті қайта ресімдеуді жүзеге асырсын;

3) тартылатын сыртқы заемға қызмет көрсету бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 сәуірдегі N 278 қаулысымен белгіленген агентпен агенттік келісім жасассын.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.07.03. N 635 қаулысымен.

P980635\_

5. "Кең дала" акционерлік қоғамы 30 млн. АҚШ долларына дейінгі сомада сыртқы заемды тарту жөніндегі түпкі заем алушы болып белгіленсін.

6. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі